

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру»
акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен тыс жалпы
жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы
ХАТТАМА**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр д-лы, 17 мекенжайында орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2018 жылғы 15 қазанда, 10 сағат 00 минутта Қазақстан Республикасы, 010000, Астана к., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй мекенжайындағы 3-қабаттағы акт залында шақырылды.

Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері:
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Басқармасы, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана к., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй.

Қоғамның Жиналысына:

1. 43 087 006 жай акцияның иесі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-тан «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атынан өндіруші активтерді басқару департаменті директорының орынбасары Дамир Данилбекұлы Теберіков қатысты (2018 жылғы 12 қазандағы №113-201 сенімхат бойынша);

2. 139 456 артықшылықты акцияның иесі Lancrenan Investment Limited компаниясының атынан Равиль Александрович Кассильгов (2018 жылғы 8 қазандағы н/ж сенімхат бойынша) қатысты.

Жиыны: 2018 жылғы 17 қыркүйектегі жағдай бойынша акциялар ұстаушылары тізілімдерінің жүйесі деректерінің негізінде Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 99,97 %-тік құрайтын Қоғамның жиынтықтағы 43 087 006 жай акциясына ие, Жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционердің 1 өкілі, сондай-ақ Қоғамның артықшылықты акцияларына иелік ететін 1 акционердің өкілі тіркелді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңының (бұдан әрі – «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң») 45-бабының 1-тармағының негізінде Жиналысты өткізу үшін кворум бар, осыған байланысты Жиналыс Қоғамның күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы деп танылады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының отырысында дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша Қоғамның есеп комиссиясы дауыс берудің мынадай қорытындыларын шығарды:

1. Қоғам Жиналысының есеп комиссиясы туралы.

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:

1. Жиналысты өткізу уақытына Қоғамның заң департаменті директорының орынбасары Елена Николаевна Горохова есеп комиссиясының мүшесі;



2. Әлиакпарова Айгүл Алтынбекқызы Қоғамның есеп комиссиясының төрайымы болып сайлансын.

2. Қоғам Жиналысының төрағасын сайлау туралы.

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды: ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқармасы төрағасының орынбасары – қаржы директоры Дәурен Сапаралыұлы Қарабаев Қоғам Жиналысының төрағасы болып сайлансын.

3. Жиналыс хатшысын сайлау туралы.

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды: Қоғамның корпоративтік хатшысы Айгерім Болатқызы Сүлейменова Жиналыстың хатшысы болып сайлансын.

4. Жиналыста дауыс беру тәртібі мен нысанын белгілеу туралы:

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды: Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 50-бабының 1-тармағына сәйкес дауыс берудің тәртібі; Қоғамның Жиналысында күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің нысаны – ашық тәсілмен белгіленсін.

5. Жиналыстың жұмыс регламентін белгілеу туралы:

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды: Қоғам Жиналысының мынадай жұмыс регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есеп комиссиясына жеті минутқа дейін.

6. Күн тәртібін бекіту туралы:

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;



- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды: Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

1) Орналастырылған жай акциялардың санын ұлғайту арқылы Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту (Қоғам сатып алған жай акцияларды есептемегенде).

7. Күн тәртібінің «Орналастырылған жай акциялардың санын ұлғайту арқылы Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту (Қоғам сатып алған жай акцияларды есептемегенде)» туралы мәселесі бойынша:

Дауыс бергендер:

«Қолдады» - 43 087 006 дауыс;

«Қарсы» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:

1. 24 (жиырма төртке) 1 (бір) пропорциясындағы орналастырылған жай акциялардың (Қоғам сатып алған 14 261 778 (он төрт миллион екі жүз алпыс бір мың жеті жүз жетпіс сегіз) дана санындағы жай акцияларды есептемегенде) жалпы санын 55 959 157 (елу бес миллион тоғыз жүз елу тоғыз мың бір жүз елу жеті) данаға дейін ұлғайту арқылы «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ жарияланған жай акцияларының саны 1 357 281 546 (бір миллиард үш жүз елу жеті миллион екі жүз сексен бір мың бес жүз қырық алты) данаға дейін ұлғайтылсын. Қоғамның орналастырылған жай акцияларының (Қоғам сатып алған жай акцияларды есептемегенде) саны ұлғайтылғаннан кейін, Қоғамның жарияланған жай акцияларының жалпы саны 1 361 417 653 (бір миллиард үш жүз алпыс бір миллион төрт жүз он жеті мың алты жүз елу үш) акция болады, оның ішінде:

- жай акциялар – 1 357 281 546 (бір миллиард үш жүз елу жеті миллион екі жүз сексен бір мың бес жүз қырық алты);

- артықшылықты акциялар – 4 136 107 (төрт миллион бір жүз отыз алты мың бір жүз жеті) дана.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О. Есқазиев белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын

Есеп
мүшелері:

комиссиясының

А. Әлиакпарова

Е. Горохова

Ш. Ысқақов

